

Бекітемін

«Лисаков қаласы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді оқыту орталығы» КММ директоры

« 8 » _____ К. Мухамадиева
2019 жыл



**«Полиглот» атты
қалалық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Мақсаты:

Үш тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау және қолдау. Тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Қазақстандық патриотизмді нығайту, өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу. Тілге деген қызығушылығын арттыру

II. Міндеттері:

Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру, тілді меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу,

III. Байқау шарттары:

Байқауға 15 пен 29 жас аралығында кез келген азамат қатыса алады. Қалалық байқауды әділ-қазылар алқасы қатысушыларды бағалау кезінде олардың:

- тілді меңгеру деңгейі;
- жазу сауаттылығы мен дыбыстардың дұрыс дыбысталуы;
- жауаптың мазмұндылығы мен ерекшелігі;
- жауаптың орамдылығы мен сапасы;
- өзін-өзі ұстау мәдениеті ескеріледі.

IV. Байқау тапсырмалары. Байқау төрт кезеңнен тұрады:

1. **«Өзін-өзі таныстыру»** - үміткер өзі жайлы қазақ тілінде таныстырып өтеді. (3 минут)
2. **Мақал-мәтелдер** – орыс тілінде берілген мақал-мәтелдерді қазақ, ағылшын тілдеріне аудару.
3. **Ілеспе аударма** – латын графикасында мәтінді оқу және орыс тілінде ілеспе аударма жасау.
4. **Суреттер сөйлейді** берілген сурет бойынша ағылшын тілінде мәтін құрастыру.
5. **Тірек сөздер мәтіннің тірегі** берілген тіркес сөздермен қазақ тілінде мәтін құрастыру.

V. Қорытындылау.

Байқаудың қорытындысы бойынша 1, 2, 3 орындар беріледі.

Байқаудың жеңімпаздары грамоталармен және сыйлықтармен марапатталады.

Байқауға қатысу үшін өтініштерді **2019 жылдың 15 ақпанына** дейін, «Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді оқыту орталығы» КММ-сінің too.lsk@mail.ru электрондық поштаға жолдауға болады.

№	Қатысушының аты-жөні	Жұмыс (оқу) орны, лауазымы	Мекенжайы, телефоны	Жауапты мұғалім

Өткізілетін орны: Тілдерді оқыту орталығы, «Союз» МҰ ғимараты, 71 каб.

Өтілетін мерзімі: 2019 жыл 28 ақпан сағат 11-00-де.

Ұйымдастырушылары:

«Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, «Лисаков қаласы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді оқыту орталығы» КММ

Байланыс телефонымыз: 3-13-83